

жұмыс істеу оқушыны ойлауға салыстыра білуге, аңғарымпаздылыққа және бақылампаздылыққа үйретеді.

Қорыта келе, бастауыш сыныпта синтаксистік ұғым қалыптастырудағы жаттығулар жүйесін тілдік әрі әдістемелік тұрғыда зерделеу болашақтың ісі деп білеміз.

1. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі син-

таксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004. –345 б.

2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989. –320 б.

\*\*\*

В статье рассматривается роль синтаксических умений на примере тренировочных упражнений.

\*\*\*

Role of syntactic skills on the example of training exercises.

*Р. Т. Изгуттинова, М. Ж. Хусаинова*

## ОРЫС ТОПТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Өркениетті елдер қатарына көтерілу – егеменді еліміздің алғышарты. Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын, рухани бай, жан-жақты болуды талап етеді.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, мінез деген қасиеттермен озады» деген ұлы Абай. Озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Сондықтан қазіргі білім берудің басты мақсаты - жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Қай заманда болмасын алға жетелейтін күдіретті күш білімге ғана тән.

Қазақ тілін орыс топтарында оқыту әдістемесінің мақсаты - сөйлей білуге, өз пікірін өзгеге жеткізе білуге, тіл қорын дамытып, қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалана білу екендігі баршамызға аян. Бұл мақсатқа жетуде қазіргі таңда орыс топтарында қазақ тілін оқытудың өзіндік әдіс-тәсілдерін қарастырған көптеген еңбектер жарық көруде. Бүгінгі күні қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретеміз деп, мұғалімдер бүкіл сабақты қазақ емес ұлт өкілдеріне арнап, қазақ студенттеріне жеңіл-желпі тапсырма беріп, соны сұраумен шектелуде. Орыс топтарындағы қазақ студенттерінің ана тілін ары қарай тереңдетіп оқытылуы ақсап тұр.

Педагог К.Д.Ушинский «развивать в детях дар слова-значит почти то же самое, что развивать в них логичность мышления» [1] деген екен. Олай болса, бүгінгі қазақ жастары студенттерінің, болашақ зиялы қауымның қаншалық іскер, қабілетті, білімді болып шығуы оқытушының тілді қалай меңгертуіне, оқытуына байланысты екені ескерілсе, оқытушы жүгі ауырлай түспек. Сондықтан ұстаз алдында еліміздің болашағы тұр.

Ыбырай Алтынсарин: «Жақсы мұғалім маған әр уақытта қымбат, өйткені, ол мектептің жүрегі» - [2,219] десе, А.Байтұрсынов: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаға үйрететін нәрселерін өзі өте жақсы білерге керек. Екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адал боларға керек. Оны білуге туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек», - [3,448] деп, сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі оқытушының рөлін баса көрсеткен.

Орыс топтарындағы қазақ балаларының ана тілдерін тереңдетіп меңгерту, олардың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру, ізденгіштік қасиеттерін дамыту – оқытушының сабақ берудегі шеберлік, ізденушілік қабілетіне байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалім оқушылардың дара тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, олардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімдерін арттырып, шығармашылықпен жұмыс істеуі қажет.

Шығармашылық тұлға қалыптастыру қазіргі оқу процесінің ең басты талаптарының бірі. Мұғалім сабақты дұрыс жоспарлап, сабақ берудің жаңа технологиялық үлгілерін, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білсе ғана көздеген мақсатына жете алмақ. Ал, шығармашылық жұмыстар сабақтың нәтижелі болуына бірден-бір себепті әрекет. «Шығармашылық» сөзінің төркіні, этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келеді. Шығармашылық адамға ғана тән құбылыс. Дегенмен де, ол адамның еңбек етуін, дамуын және шығармашылық қабілеттерінің туындауын талап етеді. Шығармашылықтың дамуына ең негізгі және ең қажетті жағдай-

лардың бірі – бұл жеке тұлғаның ішкі бостандығы, ол бостандық адамға өзінің жекелігін толығымен көрсетуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық ізденістер, тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырады, оқушының теориялық алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуге машықтандырады, олардың өзіндік көзқарасын қалыптастырып өз ойын жеткізуге, байланыстырып сөйлеуге, дәлелдеуге, салыстыра білуге, ізденушілікке, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына үйретеді. Осындай жұмыстарды жүйелі жүргізу – оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, қиялын ұштап өз бетінше ізденуіне, тілін байытуға дағдыландырады. Осындай әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жүргізген сабақ жоспарын ұсынымыз.

### Сабақтың тақырыбы: ДОСТЫҚ

#### Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** «Достық» туралы түсініктерін кеңейту, сөздің мағынасын ашу, дос пен достықты қастерлеуге, оны қорғауға, өз ойын тұжырымдап айта білуге, жаңа технологиялар арқылы шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету.

**Дамытушылық:** түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сабаққа қызығушылығын ояту, компьютерлік технологиялардың негізінде белсенділігін арттыру, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру.

**Тәрбиелік:** достықты бағалау, адамның жақсы мінез-құлық қасиеттерін бойына сіңіру, жаман қасиеттерден жирендіру, адал достық пен амал достықты ажырата отырып бойына дарыту, өмірге қажетін тандай білуге бағыттау.

#### Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

**Сабақтың әдістері:** талдау-жинақтау, сұхбат, алдын-ала тапсырма беру, мәтінмен жұмыс, ой қозғау, ойын т.б.

#### Пәнаралық байланыс: әдебиет


**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта, компьютер, достық туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер.

#### Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру: 1) Сәлемдесу. Түгендеу. Сабаққа дайындау.

2) Үй тапсырмасын сұрақ-жауап әдісі арқылы тексеру.

а) - Дос деген кім? Достың жолдастан айырмашылығы бар ма?



ә) **Жағдаяттық сұхбат.** Бірге оқыған курстасыңызды кездестіріңіз. Арада 10-15 жыл өтті, өзгеріп кеткен (тұрақты сөз тіркесін пайдалану арқылы суреттеу).

#### б) Дос туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?

1) Нағыз дос қиналғанда қасыңнан табылар.

2) Дос сыртыңнан мақтар,  
Дұшпан көзіңе мақтар.

3) Дос жылатып айтады,  
Дұшпан күлдіріп айтады.

4) Досы көпті жау алмайды.

5) Аққуды атпа, досыңды сатпа.

6) Доссыз адам, тұзсыз тағам.

7) Жолдасы көптің олжасы көп.

#### в) Достық, дос туралы қандай жаңылтпаштар білесіңдер?

Айдос Олжаспен жасты  
Олжас Алмаспен жасты,  
Айдос Алмаспен жасты болса,  
Алмас қай доспен жасты?

#### Жаңа сабақ: Достық

Қызығушылығын ояту. Сөзжұмбақ. Мақал-мәтелдерді толықтырыңыз.

1. Ағаш тамырымен

... досымен мықты.

2. Жаманмен ... болма,

Жақсымен қас болма.

3. ... – жанына жолдас,


Жаман малына жолдас.

4. Абысын ...болса ас көп.

Ағайын ... болса ат көп.

5. Ақылсыз достан ...

дұшпан артық.



6. Адал достық алтыннан...

**Оқытушы сөзі:** Достық туралы айту. Жалпы достық сөзінің мағынасы кең, үлкен, киелі ұғым. Достық тек адамдар арасында емес, мемлекет, ұлт арасында сонымен қатар адам мен жануарлар арасында да болады. Мысалы: Біздің мемлекет көптеген елдермен достық қатынаста, Елбасы саясатының арқасында Отанымыздың

барлық ұлт өкілдері бірлік пен татулықта, сыйластықта өмір сүреді. Көптеген әдеби шығармаларды, ертегілерді алсақ адамдардың итпен, күспен, атпен достықтарын көреміз. Біз сіздермен бүгін екі адам арасындағы өзара сенімге негізделген қарым-қатынас туралы ой қозғаймыз. Дос – адамның сыр бөлісетін, қуанышпен қайғыда қасынан табылатын ең жақын адамы. Адам үшін ата-анадан кейін ең жақын - жақсы дос. Өмірде адам болған соң, жақсылықты, жамандықты, қасіретті де басымыздан кешіреміз. Сондай да егер біз жалғыз, оңаша қалсақ, ол ауыртпалыққа төзе алмай, шыдамас едік, қиын болар еді. Сол кезде әрдайым адам баласының қасынан ең жақын туыстары және достары табылады. Қиындықты, қуанышты бірге көтерісетін кімдер? Достар! Әрине, сондықтан қазақ халқы «Таптырмас байлық – достық татулық, сыйластық» деген.

Білмеген дос қадірін не біледі?

Көңілің шын доспен семіреді.

Тар үйде тарыққанда досың келсе,

Дүние, жан жадырап, кеңиеді!...

Студенттерге тақырып бойынша алдын –ала «Достық деген не? оны қалай түсінесіңдер, достықты неге? кімге? теңер едің?» деген тапсырма беріледі. Әрбір студент «достық» деген сөздің мағынасын түсіндіретін бір суретті салып, не себепті достықты сол суретке теңегенін түсіндіру керек, яғни тақырып арқылы шағын әңгіме құрастыру, дәлелдеу, ауыз әдебиет үлгілерін пайдалану, өз ойын жеткізу шығармашылықпен жұмыс болып табылады.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Берілген тапсырма бойынша студенттердің салған суреттерін презентация арқылы көру, ойларын тыңдау. (Өздері салған суреттер бойынша ой бөлісу, талдау-жинақтау). Мысалға кейбір студенттердің айтқан ойларын келтірейін.

- 1)  адамдар арасындағы байланыс
- 2)  шеңбер
- 3)  бәйтерек
- 4)  жүрек
- 5)  ана мен бала суреті
- 6)  кітап

АСИМА

Мен баласын көтерген ана суретін салдым. Өйткені, достық ана мен бала арасындағы сезім

сияқты махабатты, тазалықты, пәктікті білдіреді. Ана мен бала егіз сияқты, бірін-бірі тілсіз, жүрекпен, көзбен ұғады. Достық та сондай болу керек. Достық сезімі анаға деген махабатпен тең сияқты. Менің әжем маған айтады: «Анаға баладан, балаға анадан артық жан жоқ» дейді. Сол сияқты мен де адамды доссыз, достықсыз елестете алмаймын. Бірақ, осындай ана мен бала арасындағы махабаттай таза дос табу, дос болу қиын деп білемін. Неге?...

ДИНА

Мең достықты шеңберге теңедім. Өйткені, шеңбердің шеті жоқ, ол шексіз, мәңгі. Достық та, махабат сияқты жырланатын мәңгілік тақырып. Достық екі адам арасында өзінен-өзі қалыптасады, ал осы достықтың шынайы, мәңгілік болуы ерек деп ойлаймын. Көңілдері таза болуы керек, шатасқан кездері немесе қате жолға түскен уақытта бір-біріне ашық, батыл айтып түзу жолға салу керек. Сонда – достық мәңгілік жасайды...

ГҮЛНАЗ

Мен достықты Бәйтерек тоғайына теңедім. Өйткені, қазақ халқында мынадай мақал бар: Адам досымен мықты, ағаш тамырымен мықты дейді. Себебі, бәйтерек тамыры терең жайылған, нық тұрған ағаш мықты ағаш. Достық бәйтерек ағаша сияқты (ешбір жаман ниеттен, ойдан) адамдар қиналған кезде қасыңнан табылып, ағаш сияқты сүйемелдеп құлатпайды...

МЕРУЕРТ

Мен достықты, досты кітапқа теңедім. Өйткені, дос сияқты біздің ақылшымыз. Кітап достық сияқты – алтын қазынамыз. Достық – кітапты оқу арқылы достық ақыл – кеңес бізді кітап сияқты – түзу жолға салады, дұрыс шешім қабылдауға көмек береді. Кітап достық сияқты мұғалім, ұстаз. Кітап достық сияқты адамның сырласы, жолдасы. Біз кейде жауап бере алмайтын сұрақтарға досың сияқты жауап беретін кеңешіміз...

КАМИЛА

Мен достықты күнге теңедім. Себебі, күннің нұры жылы, шуақты, сол сияқты достықтың құшағы жылы, ыстық, оның құшағынан пана табамыз. Досымызды көргенде көңіліміз көтеріліп қуанамыз. Күн сияқты өзінің сәулесін шашады...

БОТАГӨЗ

Мен достықты, жүрекке теңедім. Өйткені, жүректің дүрсілі – достықтың үні сияқты. Екі

достың бір-біріне деген сезімі сол жүректе. Шын адал достықты адам - жүрегімен таниды. Жүрек жылуы ешқашан алдамайды. Достық жайлы бір өлең жолын оқығым келеді. Достық!

Қасиетті достық. Махаббаттан жоғары  
Нағыз достық бір жүреппен соғады  
Бір-ақ – жүрек қос кеуде  
Махаббаттан достық биік әрқашан  
Нағыз бақыт – дос жүрегін тапқаның  
Опасыз боп егер досты алдасаң  
Отаныңды сатқаның  
Достық – Одақ!  
Опасыз күш кіре алмас  
Бұзылмас орда, тас қамал  
Достық – күдірет, рухтары ұрандас  
Жаттары да жаулары да жасқанар...

Тақырыпқа қатысты «Достық» туралы мәтін беріледі. Рөлге бөліп оқу. Сын есімдерді теріп жазу, түріне қарай ажыратып, жасалу жолын түсіндіру.

#### Достық.

Әйтiмбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бірде оның замандастары:

- Достық нешеу? – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып:

- Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық. Сонда «Енді оны қалай ажырата аламыз» дейді замандастары.

- «Адал достықтың өмірі ұзақ, амал достықтың өрісі қысқа» деп жауап берген.

#### Пікірталасу.

Адал достық - ...

Амал достық - ...

**Оқытушы:** Студенттердің пікірлері тыңдалған соң адал, амал достыққа қатысты Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас» әңгімесін компьютер арқылы тыңдатып, «Жалғастырып көр» ойыны арқылы мәтінді есте сақтағандары бойынша бірінің сөйлемін бірі жалғастырып айтып шығу. **Мысалы:** Екі дос келе жатып..... (есте сақтау қабілетерін дамыту)

Басты кейіпкерлерге мінездеме беру үшін мәтінге байланысты сұрақтар:

- Әңгіменің тақырыбы, идеясы (айтқысы келген ойы)

- Ауру жолдас аюдың құрбаны ма немесе қорғансыз жан ба?

- Жаман жолдастың ең басты қателігі не?

- Екі жолдастың бір-бірінен айырмашылығы неде?

- Жазушы осы екі адамның бейнесі арқылы не айтқысы келді?

**Тақырыпқа байланысты көрнекілікке алынған мақал-мәтелдерді қолдану.**

- 1) Жақсылыққа асық бол,
- 2) Дос болсаң берік бол,  
Жамандыққа қашық бол.  
Досыңа серік бол.

#### Сабақты қорытындылау.

**Оқытушы:** Жақсы, сонымен бүгінгі сабақты қорытындылай келе сіздермен достық деген не? дос болу үшін қандай болу керек тағы басқа көптеген сұрақтарға жауап алдыңыздар..... Естеріңізде болсын, шын достық ақылдыға тән екенін ұмытпандар. Достықтың көзі ақылдан басталады. Ал ақылды сіздерге ата-ана, шәкіртіне ұстаз және адал дос айтады. Өмірде адал дос табу ақылдыға қиын, ақымыққа оңай. Ақылдының досы аз, ақымақтың досы көп болғанымен, жақсылығы жоқ. Жақсылығы жоқ достың қастығы аяқ астында жатады. Достарың ақылды болса, өздерің дана боласындар. Орыс халқы айтады: «Скажи, кто твой друг, и я скажу кто ты». Сондықтан достарыңды дұрыс таңдай біліңдер. Адал досқа үлкен құрметпен қарап, өзара қамқорлық жасап, достықтарыңызды сақтай біліңіздер. Достарыңыздың айтқан сын сөзді дұрыс қабылдай біліп, ақылмен тыңдай біліңіздер, сонда сіздердің достықтарыңыз мәңгі жасайды. Адам баласына тән жақсы қасиеттердің барлығы сіздердің бойларыңыздан табылсын деп тілеймін.

#### Бағалау.

**Үйге тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап іздеу.

- Сіздің досыңыз қандай, сізбен адал ма?
- Сіз өзіңіз қандай доссыз?
- Менің курстас достарыма тілегім...

Сабақ Т.Молдағалиевтің «Жан досым» әнін орындаумен аяқталад.

1. К.Д.Ушинский. Сбор.соч.том 5 стр.19

2. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. – Алматы. ҚазССР Ғылым Академ баспасы, 1955ж.

3. А.Байтұрсынов. Тіл тағлымы. -Алматы. Ана тілі 1992ж.

\*\*\*

В статье рассматривается творческий подход к изучению родного языка студентов в русскоязычной аудитории.